

Алматы қалалық Әкімшілігінің 2001 жылғы 14 тамыздағы "Баспананы күтіп-ұстау шығындарына арналған ақы белгілеу туралы" N 1/129 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 22 қарашадағы N 5/749 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 22 желтоқсанда N 490 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 5/803 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2009.12.11 N 5/803 қаулысымен.

Тұрғын үйлердегі лифтілерге арналған электр энергиясы тарифінің өзгеруіне байланысты, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002 жылғы 4 маусымдағы "Алматы Пауэр Консолидэйтед" Жабық акционерлік қоғамының қызметтеріне арналған тарифті бекіту туралы" N 125-ОД Бұйрығына сәйкес Алматы қалалық Әкімшілігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қалалық Әкімшілігінің 2001 жылғы 14 тамыздағы "Баспананы күтіп-ұстау шығындарына арналған ақы белгілеу туралы" N 1/129 қаулысына (2001 жылғы 29 тамызда мөлшерлемелік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде тіркелді - N 386, 2001 жылғы қыркүйек айында "Алматы ақшамы", "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

- 1-тармақтағы: "11 теңге 30 тиын" сөздері "11 теңге 49 тиын" сөздерімен ауыстырылсын;

- аталған қаулының N 1 қосымшасындағы: 7-тармақшадағы "1 және 2-қабаттардан басқа, лифтілерді электр энергиясымен қамтамасыз ету" деген тұстағы "1-18" сөздері "1-37" санымен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары Қ.Е.Жаңбыршинге жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

Әкімшілік хатшысы